

ISSN 2617-6319 (Print)

ISSN 2791-3368 (online)

Индекс 10532

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің
«Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің
Әскери институты» республикалық мемлекеттік мекемесі**



**«Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері
Әскери институтының хабаршысы» ғылыми-ақпараттық журналы**

**Научно-информационный журнал «Вестник Военного института
Сухопутных войск имени Сагадата Нурмагамбетова»**

**Scientific and informational journal «Bulletin of the Sagadat
Nurmagambetov Military Institute of Land Forces»**

№ 2 (50) 2022

Алматы 2022

Бас редакторы
Б.Ш. Ибатулин

Редакция алқасы

А.Б. Тасболатов	тарих ғыл. д-ры, ҚР Қорғаныс министрлігі (Қазақстан);
С.С.Тауланов	пед. ғыл. д-ры, мамандандырылған «Арыстан» лицейінің басшысы (Қазақстан);
Г.Ф. Дубовцев	әскериғыл. канд., ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты (Қазақстан);
А.Н. Рыспаев	PhD, акад. ҚР Қорғаныс министрлігінің әскери білім және ғылым департаменті (Қазақстан);
Н.С. Ибраев	PhD, ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университеті (Қазақстан);
Ж.К. Куптикбаев	PhD, ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университеті (Қазақстан);
Ш.К. Кадыркулов	PhD, Әскери ғыл. канд., С. Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері Әскери институты (Қазақстан);
Ж.Н. Бисенбаева	PhD, С. Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері Әскери институты (Қазақстан);
Т.М. Алпысбаев	әлеуметтану ғыл. канд., С. Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері Әскери институты (Қазақстан);
Е.С. Темірбеков	тех. ғыл. канд., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Қазақстан);
Ж.Р. Дилбарханова	PhD, Есболатов атындағы ПМ Академиясы. (Қазақстан);
А.К. Махадиева	PhD, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Қазақстан);
Б.К. Кенжеалиев	тех.ғыл. д-ры, Металлургия және кен байыту институты (Қазақстан);
Т.К. Мадымаров	әскери ғыл. канд., К. Усенбеков атындағы Құрлық әскерлері Әскери институты (Қырғызстан);
Ким Кю Чол	PhD, Ханкук университеті (Оңтүстік Корея);
Г. Шахин	PhD, Ұлттық қорғаныс университеті. Ататүрік атындағы стратегиялық зерттеулер институты. (Түркия);
В.П. Иванов	пед. ғыл. д-ры, РФ Қорғаныс министрлігі әскери университеті (Ресей).

Редакцияның мекен-жайы: 050053, Қазақстан, Алматы қ., Красногорская к-сі, 4.
Тел: 290-13-20; факс: 290-17-48. <http://jornal-visv.kz/>

Жауапты редактор
К.Ш. Нурмухаметова

Техникалық редактор.
М.М. Мырзабекова

Главный редактор
Б.Ш. Ибатулин

Редакционная коллегия

А.Б. Тасболатов	д-р ист.наук, Министерство обороны РК (Казахстан);
С.С.Тауланов	д-р пед.наук,начальник специализированного лицея «Арыстан»; (Қазақстан);
Г.Ф. Дубовцев	канд. воен.наук, Институт стратегических исследований при Президенте РК (Казахстан);
А.Н. Рыспаев	PhD, Департамент военного образования и науки Министерства обороны РК (Казахстан);
Н.С. Ибраев	PhD,Национальный университет обороны имени Первого Президента РК – Елбасы(Казахстан);
Ж.К. Куптикбаев	PhD, Национальный университет обороны имени Первого Президента РК – Елбасы(Казахстан);
Ш.К. Кадыркулов	PhD, Военный институт Сухопутных войск имени С. Нурмагамбетова(Казахстан);
Ж.Н. Бисенбаева	PhD, Военный институт Сухопутных войск имени С. Нурмагамбетова(Казахстан);
Т.М. Алпысбаев	канд. соц. наук, Военный институт Сухопутных войск имени С. Нурмагамбетова (Казахстан);
Е.С. Темірбекова	д-р техн.наук,им.Эл-Фараби КазНУ(Казахстан);
Ж.Р. Дилбарханова	PhD, им.Есболатова Академия МВД (Казахстан);
А.К. Махадиева	PhD, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева (Казахстан);
Б.К. Кенжеалиев	д-р техн. наук, Институт металлургии и обогащения (Казахстан);
Т.К. Мадымаров	канд. воен наук, Военный институт Вооруженных сил имени К. Усенбекова(Кыргызстан);
Ким Кю Чол	PhD, университетХанкук (Южная Корея);
Г. Шахин	PhD,Ұлттық қорғаныс университеті. Ататүрік атындағы стратегиялық зерттеулер институты.(Түркия);
В.П. Иванов	д-р пед.наук, Военный университет Министерства обороны(Россия).

*Адрес редакции:*050053, Казахстан, г. Алматы., ул. Красногорская, 4.
Тел: 290-13-20; факс: 290-17-48.<http://jornal-visv.kz/>

Ответственный редактор
К.Ш. Нурмухаметова

Технический редактор
М.М. Мырзабекова

Main Editor
B.Sh. Ibatulin

Editorial board

A.B. Tasbulatov	Doctor of historical sciences, Ministry of Defence (Kazakhstan);
S.S. Taulanov	Doctor of pedagogical sciences, Chief lyceum «Arystan»(Kazakhstan);
G.F. Dubovcev	Candidate of military sciences, Institute for Strategic Studies under President (Kazakhstan);
A.N. Ryspayev	PhD, National Defense university named after the First President –Elbasy (Kazakhstan);
N.S Ibrayev	PhD, National Defense university named after the First President –Elbasy (Kazakhstan);
Zh.K. Kuptikbayev	PhD, National Defense university named after the First President –Elbasy (Kazakhstan);
S.K. Kadirkulov	PhD, Military institute of Land Forces named after S. Nurmagambetov (Kazakhstan);
Zh.N. Bissenbayeva	PhD, Military institute of Land Forces named after S. Nurmagambetov (Kazakhstan);
T.M. Alpysbavev	Candidate of sociological sciences, Military institute of Land Forces named after S. Nurmagambetov (Kazakhstan);
Y. C. Temirbekov	Doctor of technical sciences,
Zh. Dilbarkhanova	PhD, Police Academy of Ministry on Internal Affairs named after M. Esbolatov (Kazakhstan);
A.K. Makhadiyeva	PhD, Eurasian national university named after L.N. Gumilyov (Kazakhstan);
B.K. Kenzhealiyev	Doctor of technical sciences, Institute of Metallurgy and Ore Beneficiation (Kazakhstan);
T.K. Madymarov	Candidate of military sciences, K. Usenbekov Military institute of Land Forces (Kyrgyzstan);
Kim Kyu Chol	PhD, Hankook University (South Korea); PhD, Academy of gendarmerie and Coast Guard (Turkey);
G. Shakhin	National Defense university, Institute for Strategic Studies named after Ataturk
V.P. Ivanov	Doctor of pedagogical sciences, Military University of the Ministry of Defense of the Russian Federation (Russia).

Editorial office address: 050053, Kazakhstan, Almaty., ул. Krasnogorskaya, 4.
Tel: 290-13-20; fax: 290-17-48. <http://jornal-visv.kz/>

Responsible editor
K.Sh. Nurmukhametova

Technical editor
M.M. Myrzabekova

МАЗМҰНЫ

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ

<i>Құттықтау</i> – Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне 30 жыл.....	8
<i>Б.С. Сайлан</i> – Тәуелсіз Қазақстанның Қарулы Күштері: құрылуы мен дамуы.....	9
<i>А.Т. Сүлейменова</i> – Әскери ант қабылдау рәсімінің ерекшелігі.....	18

ӘСКЕРИ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ

<i>Ж.Ж. Бейсенова</i> – Әскери шеберліктің мәні мен құрлымы.....	25
<i>Н.Ю. Фоминых, С.А. Хасанова</i> – Әскери оқу орындарына педагогикалық кадр дайындаудың ерекшеліктері.....	35
<i>Н.Е. Жанғалиев</i> – Топтық жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу әдістемесі.....	43
<i>Ж.Қ. Досбай</i> – Қаратәмен айналысатын спортшылардың психологиялық дайындығының ерекшеліктері.....	60

ШЕТ ЕЛ ӘСКЕРЛЕРІНДЕ

<i>Ж.М. Рахметова</i> – Қазақстан мен Ресейдің әскери-саяси қарым - қатынасы.....	68
<i>Ким Кю Чул</i> – Корея Республикасының Қарулы Күштері инновациясының бағыттары.....	76
<i>Г.Т. Әлімбекова, Т.Ю. Лифанова, Қ.Ш. Нұрмұхаметова</i> – Әлемдік практикадағы заманауи қазақстанның бітімгершілігі: тәжірбиені әлеуметтік талдау.....	83
АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР.....	95

СОДЕРЖАНИЕ

30 ЛЕТИЮ ВООРУЖЕННЫХ СИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

<i>Поздравление</i> – 30 летию Вооруженных Сил РК.....	8
<i>Б.С. Сайлан</i> – Вооруженные Силы независимого Казахстана: создание и развитие.....	9
<i>А.Т. Сулейменова</i> – Ритуал принятия военной присяги.....	18

ВОИНСКОЕ ОБУЧЕНИЕ И ВОСПИТАНИЕ

<i>Ж.Ж. Бейсенова</i> – Значение и структура воинского мастерства.....	25
<i>Н.Ю. Фоминых, С.А. Хасанова</i> – Особенности подготовки педагогических кадров для военно-учебных заведений.....	35
<i>Н.Е. Жангалиев</i> – Методика организации и проведения группового упражнения.....	43
<i>Ж.К. Досбай</i> – Характеристика особенностей психологической подготовки спортсменов, занимающихся карате.....	60

В ИНОСТРАННЫХ АРМИЯХ

<i>Ж.М. Рахметова</i> – Военно-политическое сотрудничество Казахстана и России.....	68
<i>Ким Кю Чуль</i> – Направления оборонной инновации Вооруженных Сил Республики Корея.....	76
<i>Г.Т. Алимбекова, Т.Ю. Лифанова, К.Ш. Нурмухаметова</i> – Современное казахстанское миротворчество в контексте мировой практики: Опыт социологического анализа.....	83
СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ.....	95

CONTENT

30th ANNIVERSARY OF THE ARMED FORCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

<i>Congratulations</i> – the 30 th anniversary of the Armed Forces the Republic of Kazakhstan.....	8
<i>B.S. Sailan</i> – Armed Forces of independent Kazakhstan: creation and development.....	9
<i>A.T. Suleimenova</i> – The ritual of taking the military oath.....	18

MILITARY TRAINING AND EDUCATION

<i>Zh.Zh. Biysenova</i> – The essence and structure of military skill.....	25
<i>N.Y. Fominykh, S.A. Khassanova</i> – Features of training pedagogical staff for military educational institutions.....	35
<i>N.E. Zhangaliev</i> – Methods of organization and conducting group exercises.....	43
<i>Zh.K. Dosbay</i> – Characteristic soft he psychological training of athlet esengaged in karate.....	60

IN FOREIGN ARMIES

<i>Zh.M. Rakhmetova</i> – Military - political cooperation between Kazakhstan and Russia.....	68
<i>Kim Kyu Chul</i> – Directions of defense innovation of the Armed Forces of the Republic of Korea.....	76
<i>G.T. Alimbekova, T.Y. Lifanova, K.Sh. Nurmukhametova</i> – Modern Kazakhstan peacemaking in the context of world practice: Experience of sociological analysis.....	83
INFORMATION ABOUT AUTHORS.....	95



Құттықтау!

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері құрамының 30 жылдық мерейтойымен және Отан қорғаушылар күнімен құттықтаймыз!

Қарулы Күштің қатарында тұрған әрбір азамат қастерлі Отанымызға қалтқысыз қызмет етіп борышын адал атқаруда.

Еліміздің өркендеу жолында атқарып келе жатқан еңбектеріңіз жемісті, игі қызметтеріңізге табысты болсын!

Тәуелсіздігіміздің тұғыры мен мемлекетіміздің тыныштығын қорғап тұрған әскеріміздің даңқы мен айбыны асқақтай берсін!

Сонымен қатар, жоғарғы білікті әскери кадрларды дайындау ісіндегі тер төгіп жүрген оқытушы профессорлар құрамы маңызды үлес қосуда.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери мектебінің нығаяуына, білікті мамандар даярлауда сіңірген адал еңбектеріңізді әрқашанда жоғары бағалаймыз. Отбастарыңызға бақ-береке, дендеріңізге саулық тілейміз!

Ибатулин Бауыржан Шарифулаевич



Б.С. Сайлан¹

¹Әл – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан
(E-mail: b_sailan1967@mail.ru)

Қазақстанның Қарулы Күштері: құрылуы мен дамуы

Мақалада Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері құрылуының 30 жылдық тарихи кезеңіндегі, яғни Тәуелсіздік жарияланған кезеңнен бастап бүгінгі күнге дейінгі әскери саланың дамуының мәселелері қарастырылған.

30 жылдың ішінде жеткен жетістіктері мен әскери кадрларды даярлау жүйесіндегі мәселелер көрсетілген. Әскери доктрина ел саясатының негізгі бағыттарының бірі екенін ескере отырып, құжаттарды талдауға талпыныс жасалады. Әскери саланы одан әрі дамыту мен әскери дайындықты арттырудың маңыздылығына тоқталады.

Нәтижесінде, Қазақстан Қарулы Күші Тәуелсіздіктің ең басты тірегі болып табылатын бейбітшілік, тыныштық пен тұрақтылықтың мықты тұғыры екендігі анықталады.

Кілт сөздер: Қарулы Күш, тәуелсіздік, тарих, білім, әскер, саясат, бейбітшілік.

Кіріспе

Қоғамды қайта құрудағы маңызды және неғұрлым өткір мәселелердің бірі — Қарулы Күштердің тағдыры болып саналады. Бұлай болуы заңды да, өйткені армия мемлекеттің тағдырын, ішкі тұрақтылығын, қазіргі әлемдегі орны мен маңызын айқындайтын құралдардың бірі.

Соғыстан сақтану – адамзаттың ең бірінші мақсаты. Дүниенің түкпіріндегі қасіретті соғыс, қақтығыс, әскери қауіптен және әскери қатер көздерінен арылуда армияға арқа сүйемей өтуі мүмкін емес. Кіші, шағын және аймақтық қақтығыстардың тұтану ықтималдылығы біршама өсті.

XXI ғасырда әскери қауіп деңгейінің артуы мен оның белгілі бір жағдайда тікелей бағытталған соғыс өртіне ұласпауына кепілдік беру мүмкін емес. Сондықтан да соғыстың алдын алу жалпы мемлекеттік саяси мақсат болып табылады. Қазіргі жағдайда басымдылық саяси құралдарға берілуі тиіс екендігі сөзсіз. Бірақ саясат мемлекеттің әскери қуаты мен жеткілікті экономикасына сүйенсе ғана тиімді болмақ. Демек, басқа мемлекеттік институттармен бірге бұл маңызды мәселені шешуде Қарулы Күштер де белсене ат салысуы тиіс. Қарулы күштер мемлекеттің аумақтық тұтастығын сыртқы қауіп-қатерден қорғауды қамтамасыз етуде күш көрсету әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, агрессияға қарсы тұруға міндетті.



Зерттеу әдістері

Қазақстан армиясына қатысты отандық зерттеушілердің қосқан үлесіне шолу жасау жұмыстың мақсаты болып табылады. Мақаланы жазу барысында тарихилық пен объективтілік, нақтылық және логикалық талдау сияқты жалпы ғылымдық және арнайы зерттеу әдістері болып табылады. Аталған зерттеу әдістері тақырыптың отандық тарихнамасына шолу жасау барысында аталмыш тақырыпты кешенді түрде зерттелуін айқындайды.

Негізгі бөлім

Аймақта қалыптасқан әскери-саяси жағдайға байланысты және ТМД аумағында орын алып отырған саяси және экономикалық процестерді талдай келе, Қазақстан Республикасы өз Қарулы Күштерін құруды қолға алды.

Кез келген мемлекетте Қарулы Күштердің құрылуы, ең алдымен, ұлттық мүддеге негізделеді. Бұрынғы Одақтың әскери бірлігінің ыдырауында Қазақстан бастамашы болған жоқ, керісінше, ол соңғы кезеңге дейін біртұтас болу идеясын, ал кейіннен Достастықтың Бірлескен Қарулы Күштері болуын жақтады. Бұрын КСРО құрамына, сонан соң ТМД-ға кірген мемлекеттер өз Қарулы күштерін құрғаннан кейін ғана, Қазақстан да өз Қарулы Күштерін құру туралы шешім қабылдады. Оның жылнамасы 1992 жылдың 7 мамырынан басталады.

1992 жылы 7 мамырда Қазақстанның тұңғыш Президенті, Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қорғаныс комитетін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі етіп қайта құру туралы», «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы» Жарлығы шықты[1].

Қазақстанның Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Бас қолбасшысы Қ.К. Тоқаев жаңа Қорғаныс министрін тағайындау барысында: «Әскердегі қару-жарақтың дені – 30-50 жыл болған кеңес дәуіріндегі техника. Ескірген техникалардың мерзімінің өткеніне байланысты қару-жарақ паркін жаңарту үшін шұғыл шаралар қабылдау қажет. Қарулы Күштер заманауи әрі жоғары технологиялық қару-жарақпен, әскери техникамен жабдықталуы тиіс. Қабылданатын шаралар жүйелі болуы керек. Қару-жарақ пен әскери техниканы жөндейтін, оларға қызмет көрсететін отандық өндірісті дамыту қажет», – деді[2].

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне әскери басқару органдары, Қарулы Күштердің бөлімшелері, әскер түрлері, арнайы әскерлер, материалдық-техникалық қамтамасыз ету әскерлері, аумақтық әскерлер, әскери оқу орындары, әскери ғылыми мекемелер және басқа да ұйымдар кіреді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін жариялаған тұстан бастап Қарулы Күштер құрылысының бастапқы кезеңіндегі аса маңызды проблема ел армиясының нормативтік – құқықтық негізін құру болды. 1993 жылғы



ақпанда Қазақстан Республикасының алғашқы Әскери доктринасы қабылданды. Онда Қазақстанның, егер оның өзі немесе одақтастары қарулы агрессия объектісіне айналмаса, қандай да бір мемлекетке қарсы әскери іс-қимылдарды ешқашан, ешқандай жағдайда да бірінші болып бастамайтындығы көрсетілді. Доктринада біздің республиканың ешкімге қауіп төндірмейтіндігі, барлық мемлекеттермен қарым-қатынасты қауіпсіздік мүддесін өзара ескеру негізінде құруға әзір екендігі, әскери үстемдікке де ұмтылмайтындығы атап көрсетілді [3].

Ант, жарғы, әскери доктрина, идеология, қамтамасыз ету жүйесі, елдің алғашқы әскери басшылығы құрылды, әскери кадрларды даярлау базасы, командалық құрамды тағайындау сияқты мәселелердің барлығын келешек үшін заманауи тұрғыда шешу қажет болды. Әскери ведомствоға бюджет қаржыларының әскерлер қолындағы қару-жарақтар мен әскери техниканы жауынгерлік дайындықта ұстап тұруға ғана жететіндей аз ғана бөлігі бөлінді. 1993 жылы еліміздің әскери бюджеті 8 млрд. теңгені құрады [4].

Түрлі өзгерістерге байланысты екінші Әскери доктрина 2000 жылы қабылданды. Осы Әскери доктрина әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған 1993 жылғы Әскери доктринаның негізінде әрі оны дамыта отырып әзірленді. Жаңа Әскери доктринаны қабылдаудың қажеттілігі қоғамдық өмірде, соның ішінде әскери салада жаңа ұлттық мүдделердің қалыптасуымен байланысты. Осы Әскери доктрина әскери салада 1999-2005 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігі стратегиясының негізгі ережелерін нақтылады және мемлекеттік шекара шебінде Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, агрессия жасалған жағдайда елдің қорғанысын ұйымдастыруға, сондай-ақ ұжымдық әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі одақтас мемлекеттермен бірлескен күш-жігерді үйлестіруге бағытталды [5].

Ал 2007 жылы наурызда қабылданған Әскери доктринада өңірлік қолбасшылықтар әскерлерінің белгіленген аймақтарда әскери қауіпсіздік міндеттерін шешу мәселелеріндегі дербестігін қамтамасыз ету жайы айқындалды. Нақтылай айтқанда, ел әскерінің бүгінгі деңгейге жетуі Елбасының қорғаныс саласын нығайтуға байланысты белгілеп берген басымдықтары мен міндеттерінің орындалуы арқасында жүзеге асты.

Бүгінде Қарулы Күштеріміз үш түрлі құрылымнан тұрады. Олар: Құрлықтағы әскер, Әуе қорғанысы күштері және Әскери-теңіз күштері. Бұлардың әлеуеті ұлғайтылды. Стратегиялық тұрғыда дағдарыстық жағдайлар орын алған кезде негізгі міндеттерді шешуге қатысу үшін жоғары деңгейлі әскери топтар, кез келген қауіп-қатерге қарсы жедел әрекет ететін Арнайы операция тобы, киберкеңістікте қауіп-қатерге қарсы іс-қимыл мақсатында ақпараттық күрес компоненті құрылды. Сондай-ақ мемлекеттің аумақтық қорғаныс саласын біріктіру үшін Қарулы Күштер құрамындағы аумақтық әскерлердің басқару органы пайда болды. Құрылымның барлық сатылары қамтыла отырып, еліміздің әскери оқу орындары арқылы мамандар дайындау ісі жолға қойылды.



Осы арада сәл шегіне сөйлесек, 1991 жылдың соңына қарай Қазақстан аумағында КСРО Қарулы Күштері әскерлерінің құрамында жалпы саны 200 мыңдай адам болған екен. Алғашқы кезде, әсіресе маман мәселесін шешу қиын болды. Өйткені өз әскерімізді жасақтау басталған кезеңде Қазақстанда қызмет етіп жүрген көптеген офицерлер әскери борыштарын ТМД-ның өзге мемлекеттерінде жалғастыруға немесе запасқа шығуға шешім қабылдағанды. Дәлірегі, кезінде КСРО-ның ортақ армиясында қызмет еткен офицерлер өз елдеріне жол тартты. Соның себебінен екі жарым жыл көлемінде, яғни 1992 жылғы мамырдан 1995 жылғы қаңтарға дейін офицерлердің кету деңгейі тізімдік құрамның 89 пайызын құрады. Осыдан келіп, Қазақстан Қарулы Күштерінде әскери мамандардың тапшылығы туындады. Бұл түйткілді шешу кезек күттірмейтін шаруа еді.

Содан білікті, кәсіби мамандарды даярлауға мемлекеттік деңгейде қарастырып көңіл бөліне бастады. Негізінде заманауи әлеуетті армия жасақтау әскери техникаларды, қару-жарақты жетілдірумен қатар, кәсіби, жаңа әскери буынды тәрбиелеуге тікелей байланысты екені белгілі. Осы орайда 30 жыл ішінде елімізде ұлттық әскери мамандарды даярлау жүйесі өз деңгейінде қалыптасты. Әскери бағыттағы оқу орындардың оқу-тәрбиелік үдерісіне озық технологиялар енгізілді, мамандардың білім деңгейін көтеру үшін оқу-әдістемелік база кеңейтілді. Соның нәтижесінде тәуелсіздік жылдарында әскеріміз іс жүзінде жаңадан құрылды, еліміздің генералдары мен офицерлерінің жаңа әрі тұтас буыны өсіп шықты.

Халықаралық қауіпсіздік пен мемлекеттер қауіпсіздігі дүниежүзілік қоғамдастықтағы мемлекеттердің сыртқы саяси қызметіндегі ең басты бағыт болып қалып отыр. Бұл тұрғыда әскери саладағы ынтымақтастық қарым-қатынастар дұрыс жолға қойыла бастады. Қазақстанның алдына қойылған басым міндет Республиканың сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және дүниежүзіндегі жетекші державалар тарапынан кепілдіктер алу болды. Бұл тұрғыда ТМД шеңберіндегі әскери саладағы ынтымақтастықтың маңызы зор. Бұлай болатын себебі – ТМД КСРО Қарулы күштерінің мұрагерлері болып табылады, яғни бұлардың қару үлгілері бірдей, ұйымдық құрылымы ортақ, тактика мен стратегияны пайымдауы біркелкі, ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі міндеттерінің ортақтығы бар. ТМД елдерінің ұжымдық қауіпсіздік жүйесін құруы мен әскери-саяси ынтымақтастығының құқықтық негіздерін таратып айтайық.

Достастық жарғысының III тарауы әскери-саяси мәселелерге арналған. Онда мүше мемлекеттер халықаралық қауіпсіздік, қарусыздану және қару-жарақты бақылау, қарулы күштерді құру саласында мақұлдастық саясатын жүргізеді. Бұл ретте әскери бақылаушылар топтарының және бейбітшілікті сақтау жөніндегі ұжымдық күштердің көмегіне де сүйенеді деп атап көрсетілген. 1992 жылы 14 ақпанда ТМД Қорғаныс министрлерінің кеңесі тағайындалды. Сол жылы 20 наурызда мына келісімдерге қол қойылды: ТМД-ның қорғаныс мәселелері жөніндегі жоғары органдарының өкілеттілігі туралы; өтпелі кезеңдегі Біріккен қарулы күштер туралы; ТМД біріккен қарулы күштері қызметінің құқықтық негіздері туралы; ТМД-ға қатысушы



мемлекеттердің қарулы күштерін қарумен, әскери техникамен және басқа материалдық құралдармен қамтамасыз ету, ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды ұйымдастыру принциптері туралы.

Әуе шабуылына қарсы (ӘШҚ) біріккен жүйесі шеңберінде «Жауынгерлік достастық-98» жаттығулары әскери ынтымақтастық аумағындағы басты оқиға болып саналады.

Қазақстан армиясының тағы бір жетістігі әлемнің алпауыт державалары басқаратын НАТО-мен ынтымақтастық қарым-қатынас орната алуы. Қазақстан мен НАТО-ның қарым-қатынасы НАТО-ның бұрынғы Бас хатшысы М.Вернердің 1992 жылғы қарашадағы Алматыға сапары кезінде кезінде басталды.

Қазақстанның НАТО-ға толық құқықты мүше болуға ниеті жоқ. Бірақ өзінің сыртқы саясатының принциптерін негізге ала отырып, Қазақстан Батыс және Шығыс Еуропа елдерінің, сондай-ақ кеңестен кейінгі республикалардың әскери-саяси ынтымақтастығын жандандыру бүкіл Еуразия кеңістігінде сенім білдіру ахуалын нығайту үшін пайдалы деп есептейді. Сонымен қатар НАТО-мен бірге бірлескен жобаларға қатыса отырып, Қазақстан ең алдымен жеке қарулы күштерінің әзірлік деңгейін көтеруді мақсат етіп отыр. Бірінші кезекте бұл әскери ынтымақтастық және оқу. НАТО мен Қазақстан арасында байланыс орнатылған уақыт ішінде 200-ден астам қазақстандық офицерлер «Бейбітшілік жолындағы әріптестік» бағдарламасының түрлі іс-шараларына НАТО-ға мүше елдерде, сондай-ақ әріптес елдерде өткізілетін курстарға, семинарларға, жұмыс бабындағы кездесулерге қатысты. НАТО-ның әскери-оқу мекемелерінде – Римдегі (Италия) және Обераммергаудағы (Германия) мектептерде, Гармиш-Партенкирхен (Германия) қаласындағы Дж.Маршалл атындағы стратегиялық зерттеу және қорғаныс экономикасы орталығында және тағы басқаларында оқыған Қазақстан әскери қолбасшылығының көптеген өкілдері НАТО елдерінде қарулы күштерді ұйымдастырудың және олардың жұмыс істеуінің түрлі аспектілерімен танысуға тамаша мүмкіндік алды. 1995 жылдан бастап қазақстандық офицерлер БЖӘ бағдарламасының түрлі жаттығуларына байқаушылар ретінде қатысты. Қазақстан Қарулы күштері әскери академиясының курсанттары АҚШ-тың Форт-Полк әскери базасында НАТО-ның бітімгершілік оқу-жаттығуларына қатысты. 1997-1998 жж. екі рет медициналық көмек көрсету жөнінде американдық-қазақстандық жаттығулар өткізілді.

Қазақстан тарапы Альянспен қарым-қатынасты жан-жақты дамытуға ниеттеніп отыр және «Бейбітшілік жолындағы әріптестік» бағдарламасы шеңберіндегі өзінің міндеттемелеріне адал болып қалады. Қазақстан жүзге жуық іс-шараларды қамтитын 1998-2010 жылдарға арналған әріптестіктің жеке-дара бағдарламасын орындады. НАТО-ның бас хатшысы Дж.Робертсонның 2000 жылғы Қазақстанға ресми сапары барысында да Қазақстандық тарап НАТО-мен кеңейтілген әріптестікке, бірінші кезекте әскери кадрларды даярлау мен қорғаныс құрылысы мәселелерінде әріптестікке алдағы уақытта да өзінің дайын екенін мәлімдеді.



Мемлекеттің Қарулы күштерінің құрылуы және алдағы болашағы әскери мамандарды даярлау жүйесіне елеулі өзгерістер енгізуді талап етті. Тәуелсіздік жылдары елімізде көптеген әскери оқу орындары құрылды, бүгінде олар Қарулы күштерімізді қажет кадрлармен қамтамасыз ете алады. Бұл туралы: «біз жоғары интеллектуалды потенциалы бар, шет тілдерін білетін, қазіргі заманғы техникамен жұмыс істей алатын офицерлер мен келісімшарт бойынша әскери қызметшілер легін дайындауымыз керек. Бұл үшін бізде барлық жағдай жасалған. Озық мемлекеттер тәжірибесін ескере отырып, әскери білімнің жоғарғы оқу орындарынан тұратын отандық жүйесін жасай алдық», – деген болатын армия генералы М.Алтынбаев [6].

Білікті, кәсіби әскери мамандар даярлау ісіне аз-кем тоқтала кетер болсақ, ол «Білім беру туралы» заңда көзделген бес деңгейді қамтиды. Олар: орта білім, техникалық және кәсіби білім – магистратура және докторантура, қосымша білім – әскери кафедра, қайта даярлау және біліктілікті көтеру. Орта білімді Астана, Алматы, Қарағанды және Шымкент қалаларындағы «Жас ұлан» республикалық мектептері береді. Ал техникалық және кәсіптік білімді Ш.Уәлиханов атындағы Кадет корпусы ұсынады. Бұл оқу орнын бітіріп шыққан кәсіби сержанттар Қарулы Күштердің әртүрлі лауазымдарында қызмет етуде. Сондай-ақ Қарулы Күштер әскерлерінің барлық түрлері мен тектерінің мамандары 3 әскери жоғары оқу орындарында даярлануда. Мәселен, Құрлық әскерлерінің әскери институты кадрлар дайындауда орны ерекше. Қарулы Күштердің кіші офицерлер құрамының 70 пайыздан астамы осы оқу орнының түлектері. Тәуелсіздік жылдары бұл институтты 7 мыңнан астам офицер бітірген. Институттың 70-ке жуық түлегі генерал атағын алған. Бұдан бөлек, Әуе қорғанысы күштері, байланыс әскері, автоматтандырылған басқару жүйесі, ақпараттық (кибер) қауіпсіздік саласына кадрлар даярлау мақсатында 2001 жылы құрылған Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының да қызметі мақтауға тұрарлық. Институт 10 бағыт бойынша 1 мыңнан астам офицер дайындады. Сондай-ақ Талғат Бигелдинов атындағы Әуе қорғаныс күштері институтының да ерекше орны бар екенін айтпасқа болмайды. Бұл оқу орны Әскери-әуе күштеріне ғана емес, Ішкі істер министрлігі мен Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі үшін де мамандар дайындайды. Мұнда бүгінге дейін 2 мыңға жуық ұшқыш пен инженер өз істеріне маманданды. Сонымен бірге Ақтау қаласындағы Әскери-теңіз институты да Әскери-теңіз күштері мен ҰҚК Шекара қызметінің теңіз бөлімдері кемелері мен жағалау бөлімдеріне, теңіз, ішкі жүзу кемелеріне және Қазақстан азаматтық флотының аралас кемелер қызметіне кадрлар даярлауда белсенділік танытуда

2003 жылы ҚР-да Құрлық күштерінің 4 өңірлік қолбасшылықтары құрылды. Олар: «Астана» - қолбасшылық штабы Қарағанды қаласында, «Шығыс» - қолбасшылық штабы Семей қаласында, «Батыс» - қолбасшылық штабы Атырау қаласында, «Оңтүстік» - қолбасшылық штабы Тараз қаласында орналасқан. Есепке жүгінсек, біздегі ел әскерінің бюджеті Тәжікстаннан 20, Қырғыз елінен 45 есе көп. Бұған қарап сарапшылар Қазақстан әскерін Орталық Азиядағы «тегеурінді әскер» деп те



санайды. Негізінде, Әскери доктринамызда көрсетілгендей еліміздің қарулы күштеріне бөлінетін қаржы жалпы ішкі өнімінің 1 пайызынан кем болмауы тиіс. Яғни, ЖӨ өскен сайын оның да көлемі ұлғая түседі.

Еліміздің ұлттық армия сапында 74 мың сарбазы бар. Оның ішінде құрлық күштері қатарында - 47 мың, әскери әуе күштерінде – 19 мың, әскери теңіз күштерінде - 3 мың адам қызмет етуде. Әскери бюджет жөнінен әлемдік тұрғыда АҚШ көш бастап тұр. Қазіргі таңда Қарулы Күштеріміздің халықаралық рейтингтегі жағдайы жылдан-жылға оңала түскені жасырын емес. Global Firepower ұйымының рейтингі бойынша 2017 жылы біздің әскеріміз әлемдегі барлық әскерлер арасында 53-орыннан табылды. Бірақ бұған тоқмейілсуге әсте болмайды. Өйткені әскерімізді жаһандық сын-қатерлер мен өзгерістерді ескере отырып жетілдіре түсу жұмысын үздіксіз жүргізу – уақыт талабы. Жылдық әскери шығынымыз 1 миллиард 281 миллион доллар. Бізден кейін тізімде Армения, Литва, Беларусь, Грузия, Түркменстан, Тәжікстан, Қырғызстан әскері сап түзеген. Бізде жаңа қару-жарақ пен әскери техниканың жыл сайынғы өсімі 7 пайызға артып отыр. Елде бүгінде 17 компания қару-жарақ пен әскери техника шығарумен айналысады[7].

2015 жылы Қазақстанның Қарулы Күштерінде қабылданған барлық шаралар олардың жауынгерлік әлеуетін 1,5 есеге ұлғайтуға мүмкіндік берді. Осы жылы жұмыс 6 негізгі бағыт, яғни, жауынгерлік, жедел және жұмылдыру даярлығы, қорғаныс-өнеркәсібі кешенін дамыту, әскери инфрақұрылымның құрылысы, әскери білім беру жүйесін жетілдіру, халықаралық ынтымақтастық, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштердегі идеологиялық жұмыс бойынша жүргізілген.

2015 жылы ҚР Қарулы Күштерінде 170-тен аса жоспарлы тексеріс өткізілсе, оның ішінде: 71-і Құрлық әскерлерінде, 17-сі Әуе қорғанысы күштерінде, 1-еуі Әскери-теңіз күштерінде, 85-і өзгелерде өткізілген. Келісімшарт негізіндегі әскери қызметшілер мен мерзімді сарбаздар санының арасалмағы өзгерген. Бүгінгі таңда армияның 80 % келісімшарт бойынша әскери қызметшілер мен 20 % мерзімді қызметтегі сарбаздардан құралған.

Осы уақыт ішінде қорғаныс министрлігі әлемнің 42 елімен әріптестік қатынастар орнатты, ҰҚШҰ, ШЫҰ, НАТО шеңберінде ынтымақтастықты дамыту бойынша бірқатар ірі халықаралық іс-шаралар өткізілді. Өткен жылы 12 елмен әскери-техникалық ынтымақтастық туралы жаңа келісімдер жасалды. Олардың арасында Армения, Ресей, Беларусь, Грузия, Израиль, Үндістан, Қытай, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркия, Украина, Франция бар.

Сонымен қатар, қазақстандық әскери қызметшілер "Дала қыраны-2015", "өзара іс-қимыл-2015", "Алтын үкі", "Орталық-2015", "Қаратау-2015", "Қаблан-жолы-2015", "Мызғымас бауырластық-2015", ҰҚШҰ сияқты маңызды халықаралық әскери жаттығуларға қатысты және т. б.

2021 жылғы қарулы күштер (тұрақты әскерлер) саны бойынша әлем елдерінің рейтингінде Қазақстан 166-дан 70-ші орынға ие болды. Рейтингке сәйкес, еліміздің Қарулы күштерінің саны 39 мың адамды, әскерилендірілген құрамалардың саны (Қарулы Күштерге жатпайтын) 31,5 мың адамды



құрайды. Осылайша, Қазақстанда елдің 10 000 тұрғынына шаққанда 70,5 мың әскери немесе 38 адам бар. Әскери ведомстводан хабарлағандай, ҚР ҚК 2021 жылға арналған бюджеті 315,4 млрд теңгені құрады. Бұдан басқа, Қорғаныс министрлігінің мүддесінде ҚР Индустрия және инновациялық даму министрлігі қару-жарақ пен әскери техниканы сатып алуды (жөндеу және жаңғырту) жүзеге асырады.

ҚК Бас штабының есебі бойынша қазіргі уақытта жасақтаудың – 70% келісімшарт жасаушылар мен 30% жедел қызметкерлер.

Қорыта айтқанда, Қарулы Күштерімізді одан әрі дамыту, заман сұранысына сай жетілдіру, әскери дайындықты арттыру, сондай-ақ жаһандық қауіпсіздікті нығайтуға атсалысу үшін мүмкіндіктерді ұлғайту күн тәртібінен түспек емес. Әскеріміз айбынды, қорғанысымыз қарулы, шекарамыз бен босағамыз берік болсын деп тілейік ағайын!

Әдебиеттер тізімі:

1. Н. Назарбаев. Отан тарихындағы 30 жыл. [Электронды ресурс]. – Қол жеткізу тәртібі: https://baq.kz/otan-tarikhynnda-y-30-zhyl_22404/ (қаралған күні 23.03.22).

2. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жаңадан тағайындалған Қорғаныс министрін таныстырды. [Электронды ресурс]. – Қол жеткізу тәртібі: <https://www.akorda.kz/kz/prezident-kasym-zhomar-t-tokaev-zhanadan-tagayyndalghan-korganys-ministrin-tanystyrdy> (қаралған күні: 24.03.2022).

3.«Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. [Электронды ресурс]. – Қол жеткізу тәртібі: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39404303 tanystyrdy (қаралған күні: 24.03.2022).

4. Аманжолов К., Тасбулатов А. Қазақстанның әскери тарихы. – Алматы: Білім, 2008. – 320 б.

5. Әскери доктрина. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. [Электронды ресурс]. – Қол жеткізу тәртібі: https://www.akorda.kz/kz/security_council/national_security/kazakstan-respublikasynyn-askeri-doktrinasy (қаралған күні: 27.03.2022).

6. Базар Ж. Қарулы Күштер–ел қорғаны // Егемен Қазақстан. – 2018. – 5 мамыр. – 5б.

7. Қазақстан Ресей қатынастары [Электронды ресурс]. – Қол жеткізу тәртібі: <https://zharar.kz/id/273> (қаралған күні: 24.03.2022).

Сайлан Б.С.

Вооруженные Силы Казахстана: образование и перспективы развития

Приводиться комплексный анализ на Военные реформу и военную доктрину потому что важные компоненты основных направленные политики страны.

В статье изучаются вопросы Вооруженные Силы Республики Казахстан за 30 летний исторический период, с момента обретения страной независимости по настоящие время.

В результате подтверждено, что Вооруженные Силы Республики Казахстан, является надежной опорой мира и согласия, спокойствия и стабильности, являющихся оплотом независимости.

Ключевые слова: Вооруженные силы, история, образования, военные, политика.



B.S. Sailan

Armed Forces of independent Kazakhstan: creation and development

One of the most important and most acute issues in the transformation of society is considered to be the fate of the Armed Forces.

The article studies the issues of the Armed Forces of the Republic of Kazakhstan for a 30-year historical period, from the moment the country gained independence to the present.

A comprehensive analysis of military reform and military doctrine is given because they are important components of the country's main policy directions.

As a result, it was confirmed that the Armed forces of the Republic of Kazakhstan is a reliable pillar of peace and harmony, tranquility and stability, which are the bulwarks of independence.

Ключевые слова: Вооруженные силы, история, образования, военные, политика, мир

References:

1. Nursultan Nazarbaev Otan tarihyndaǵy 30 jyl. [30 yers history of the Motherland] baq.kz.]. [Electronic resource]. – Retrieved from: https://baq.kz/otan-tarikhynda-y-30-zhyl_22404/ [in Kazakh].
2. Prezident Qasym-Jomart Toqayev jańadan taǵaıyndaǵan horganys ministry [Tokayev introduced the newly appointed minister of Defens]. [Electronic resource]. – Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021873//akorda.kz>. [in Kazakh].
3. "Qazaqstan Respublikasynyń Áskerı doktrinasyn bekıty týraly" Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniń Jarlyǵy [appointment of the Presiden's military doktrina Presidential decree]. [Electronic resource]. – Retrieved from: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39404303 [in Kazakh].
4. Amanzholov, K., Tasbolatov, A. (2008). Kazakhstanyn askeri tarihy. [Military history of Kazakhstan]. – Almaty, Bilim. – 320 p.
5. Áskerı doktrına.[Military doktrına]. [Electronic resource]. – Retrieved from: https://www.akorda.kz/kz/security_council/national_security/kazakstan-respublikasynyn-askeri-doktrinasyn [in Kazakh].
6. Bazar j. Qarıly Kúshter – el qorǵan [Defens of the Motherland] // Egemen Qazaqstan. – 2018. – 5 мамыр. p.5.
7. Mansurov T.Qazaqstan-Resei qatynastary. [Kazakh-Russian relationships]. [Electronic resource]. – Retrieved from: <https://zharar.kz/id/273> [in Kazakh].

Сайлан Болат Санабайұлы	Тарих ғылымдарының докторы, профессор, әл - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
Сайлан Болат Санабаевич	Казахский Национальный университет имени Аль-Фараби доктор исторических наук, профессор, Алматы, Казахстан
Sailan Bulat	doctor of historical sciences, professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan



А.Т. Сулейменова¹

¹ ҚР Президенті Архиві Архив қорын қалыптастыру
қызметінің аға сарапшысы, Алматы, Қазақстан
(E-mail: S.Alisha_1975@mail.ru)

Әскери Ант қабылдау рәсімі

ҚР Қарулы Күштері қызметшілерінің Әскери антының пайда болу тарихы баяндалады. Әскери ант дегеніміз – әрбір азамат мемлекеттің қарулы күштеріндегі әскери қызметке қабылданған (шақырылған) кезіндегі салтанатты ант беру рәсімі. Қарулы Күштерінің құрылуы мен жасақталуы және әскери анттың қабылдануына ықпал еткен армия генералы С.Қ. Нұрмағамбетовтың өмірбаяндық естеліктеріне тоқталады. ҚР Президентінің Архивінде сақталған Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтың анықтамалар, нормативтік құқықтық актілерге жасалған сараптамалар, хаттарына, мұрағаттық құжаттарына талдаулар жүргізілген. Мақалада әскери ант қабылдау тәртібі туралы ережесіне тоқталады. Автор әскери анттың тәуелсіздікке қол жеткізген егемен ел үшін маңыздылығын айқындайды.

Кілт сөздер: Қарулы күш, әскери ант, әскери борыш, архив, құжат, талдау.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының тұңғыш Қорғаныс министрі, Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтың жеке өмірі мен қоғамдық-саяси қызметіне қатысты бұқаралық ақпарат құралдарына жарияланған мақалалар, оның өзімен жасалған сұхбаттармен қатар мемуарлық кітаптар жарияланғаны баршамызға аян [1].

Бар ғұмырын әскери қызметке арнаған маман офицердің өзі туралы мемуарлық еңбектері оның өмірбаяндық мәліметтерін ортаға салады. Ал мемлекеттік басқару органдарының ресми құжаттарындағы жеке тұлғаның қызметін қалай көрсетуге болады? Ресми деректер мен күнделікті тұрмыстық, қызметтік мәліметтер келтірілетін мемуарлық естеліктер бір-бірімен қабыса ма, бірін-бірі толықтыра ма?

Осы сұрақтардың жауабын белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, білікті әскери маман Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтың өмірі мен қызметіне қатысты дереккөздерді талдау арқылы көз жеткізе аламыз.

Зерттеу әдістері

Президент Архивінде сақталған С.Нұрмағамбетовтың ел мүддесі үшін жазылған хаттары мен өтініштеріне және бұйрықтар мен нормативті құжаттарына талдау жасалынады. Мақаланы жазу барысында тарихилық пен



объективтілік, нақтылық және логикалық талдау сияқты сияқты арнайы зерттеу әдістері қолданылады. Объективтілік қағидасы бойынша тарихи құбылыстар мен үдерістердің барлық күрделілігі мен қайшылықтарын қамтып жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді.

Негізгі бөлім

ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің нормативтік-құқықтық актілерінің дайындалуы барысында жасалған құжаттар (анықтамалар, нормативтік құқықтық актілерге жасалған сараптамалар, хаттамалар, бұйрықтар және т. б.) қарулы күштердің ұйымдастырылуына жасалған басшылықтың барысын айғақтап береді. С.Қ. Нұрмағамбетовтың мемлекеттік билік басшылығының, халықаралық ұйымдардың атына жолдаған хаттары мен заңнамалық актілерді дайындау барысындағы жасаған сараптамалық еңбектері ҚР Президентінің Архивінде сақталған. Ал бұл құжаттар өз кезегінде нормативтік-құқықтық актілердің дайындалуындағы пікір таластарды зерделей отырып, Қарулы күштердің құрылу тарихына жаңаша көзқарастар қалыптастырады.

Қазақстанның дербес Қарулы Күштерінің құрылуы уақыт талабынан туындаған болатын. 1991 жылы 25 қазанда Қазақстан Президенті жаңа үлгідегі армия құру үшін әскери құрылыстың заңнамалық негізін, тұжырымдамасы мен тетігін жасау мақсатында Мемлекеттік қорғаныс комитетін құру туралы Жарлыққа қол қойды. Аталған мемлекеттік билік органының басшылығына С.Қ. Нұрмағамбетов тағайындалды [2].

Тарихтан белгілі, Қазақстан тарапынан ұсынылып, ТМД елдерінің біріккен армиясын құру идеясының ғұмыры ұзаққа созылған жоқ. Бұрынғы ТМД елдерінің басым бөлігі құрамына енуі тиіс болған біріккен армия құрылымы өз қызметін тоқтатты.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 7 мамырдағы «Қазақ КСР-інің Мемлекеттік қорғаныс істері комитетін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі етіп қайта құру туралы» № 738 Жарлығы жарияланды [3].

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының Қарулы күштерін құру туралы» 1992 жылғы 7 мамырдағы №745 Жарлығы да Тәуелсіз ел әскерінің құрылуына қатысты құқықтық-нормативтік құжат болып табылады [4]. Посткеңестік мемлекеттердің барлығында Қарулы Күштері құрылған соң, әскери қызметшілерге Әскери ант қабылдау міндеттелді. Бұл мәселені Қазақстан басшылары ақылдаса келе, әскери қызметті атқарып жүргендер үшін қайтадан әскери ант берудің қажеті жоқ деген шешім қабылдады. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің қатарына жаңадан қабылданғандар ғана Әскери анттың жаңа нұсқасы бойынша қызметке кірісетін болды. Аталған мәселенің шешілуі жолында С.Қ. Нұрмағамбетов ел басшылығының атына бірнеше рет хат жазды. 1992 жылдың бастапқы кезеңінде жазылған хатында: «Соңғы күндері түрлі себептерден, оның ішінде жан-жақты ойластырылған заңнамалық актілерді



дайындау мен қабылдануын күтпестен асығыс қабылданған бірнеше шешімдердің салдарынан Әскери антты қабылдау мәселесіне маңызды тосқауылдар туындатып отыр» - деп атап көрсетіп, өзінің пікірін білдіреді. Әскери қызмет халық алдындағы уәде болып табылатын Әскери ант беруден басталатындығы белгілі. Ол Маршал немесе сарбаз болсын әскери адам ретінде Анттың талаптарын орындауды қасиетті борыш деп санауы тиіс. Сарбаз антқа адалдығын өмірінің соңына дейін сақтауы тиіс.

С.Қ. Нұрмағамбетовтың елбасына жазған өтінішінде: «Қазіргі таңда Қарулы Күштерде қызмет атқарып жүрген генералдар, офицерлер және солдаттар бір рет әскери ант қабылдады. Бірақ Кеңестер Одағы жоқ болғандықтан, алғашында ешкімге де қызмет атқармаймыз деген мәселенің алдында тұрмыз. Менің ойымша бұл қате түсінік, қате пікір. Әскери анттың мәтінінде «Мен әскери істі қастерлеп зерделеуге, әскери және халық мүлкін жан-жақты сақтауға және соңғы демім біткенше өз халқыма адал болуға ант беремін ...» деген сөздер бар. Қазіргі таңда осы сөздер өзектілігін жоғалтты ма? Жоқ деп ойлаймын. Халыққа қызмет ету – Әскери анттың негізгі маңызы» дей отырып, бірнеше ұсыныстар жасайды. Олардың қатарында ресейлік, украиндық немесе басқа да бір елдің бүкіл жеке құрамы «жаңа» ант қабылдаудан бас тартуы қажет; жаңа толықтыру арқылы келген шақырылушы контингент ТМД елдерінің Біріккен Қарулы Күштерінің қатарына алынатын болса, осы елдердің басшыларының арнаулы келісімімен мақұлданған әскери ант мәтіні бойынша қабылдануы мүмкін; ТМД елдерінің қатарына енген республикада өз Қарулы Күші құрылған жағдайда, сол елдің өзінің заң шығарушы органы дайындап, бекіткен антты қабылдау керектігі туындайды. Төртінші ұсынысында Іс жүзіндегі Қарулы Күштердің жеке құрамын жедел түрде өңірлік әскери ант қабылдатқызу асығыс, қате және үстірт, сонымен қатар біріккен Қарулы Күштердің құлауына әкеп соқтыратын шешім болып табылады» деп көрсетті. Әскери мәселелерге қатысты күрмеулі сұрақтар жеткілікті, сондықтан оларды абайлап, мұқият және асығыстыққа салынбай шешу қажет деген ұсыныс жасайды.

Әскери ант дегеніміз – әрбір азамат мемлекеттің қарулы күштеріндегі әскери қызметке қабылданған (шақырылған) кезіндегі салтанатты ант беру рәсімі. Дербес, егеменді ел құрған жаңа мемлекет ретінде Қазақстан әскерінің анты қандай үлгіде болуы қажет деген тақырыпта түрлі ұсыныстар болды. Мысалы, бұған дейінгі КСРО әскери анты (1947– 1991) 50 жылға жуық кеңестік әскери қызметшілердің алғашқы ресми уәдесі болып табылды.

«Мен, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының азаматы, Қарулы Күштер қатарына қосыла отырып, салтанатты түрде адал, батыл, тәртіпті, қырағы жауынгер болуға ант беремін, әскери және мемлекеттік құпияларды қатаң сақтаймын және сөзсіз орындаймын. Барлық әскери ережелер мен командирлер мен бастықтардың бұйрықтарын орындаймын», – деп жазылды КСРО әскери антында[5].

ҚР Қорғаныс министрі С.Қ. Нұрмағамбетов ҚР Президентінің атына жаңа Әскери анттың мәтінін 1992 жылы 17 маусымда хатпен ұсынады. 1992 жылы 22 маусымда ел басшысы Жоғарғы Кеңеспен, басқа да мүдделі



органдармен келісу туралы тапсырма береді [6]. Жоғарыда аталған хатында С.Қ. Нұрмағамбетов Әскери анттың Республикалық Ұланның әскери қызметшілеріне, Республикалық Ұланнан басқа әскери қызметшілерге арналған нұсқаларын ұсынды.

Республиканың Жоғарғы Кеңесінің ұсынған ескертулері есепке алына отырып, 1992 жылы 25 тамызда ҚР Президентінің № 870 Жарлығымен бекітілді. Жарлықта: «Қазақстан Республикасының егеменді мемлекетінің Қарулы Күштері құрылуына және әскери қызметшілердің жаңа легінің Отанға адалдыққа ант қабылдауының қажеттілігіне байланысты қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілеріне арналған әскери анттың тексті бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарындағы әскери қызметке шақырылған, бұрын әскери ант қабылдамаған азаматтар мен әскери-оқу орындарының курсанттары ант беретін болсын.

3. Әскери ант қабылдау тәртібі туралы ереже бекітілсін.

4. Қазақстан Республикасы аумағында әскери қызмет өткеріп жүрген және бұрын ант қабылдаған әскери қызметшілер, егер қайталап ант қабылдағысы келмесе, әскери ант беруден босатылсын.

5. Стратегиялық Күштердің құрамында әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілер және Қазақстан Республикасының әскери-оқу орындарына түскен басқа мемлекеттердің азаматтары Стратегиялық Күштердің әскери қызметшілеріне арналған әскери ант қабылдайды» деп көрсетілді. Жарлыққа қосымша ретінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілеріне, Стратегиялық Күштер әскери қызметшілеріне арналған мәтіндері, Әскери ант қабылдау тәртібі туралы Ереже тіркелген[7].

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 1992 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері басшылығының алдында сөйлеген сөзінде: «..Өздеріңізге белгілі, мемлекет құжаты болып табылатын ҚР Конституциясы бірінші оқылымда мақұлданғаннан кейін қоғамдық талқылауға шығарылды. Конституциялық комиссияға 18 мыңнан астам ұсыныстар мен ескертпелер, соның ішінде әскери мәселелер бойынша келіп түсті. Бұл ескертпелердің айтарлықтай бөлігі Конституция жобасын пысықтау және әскери мәселелер бойынша заң жобаларын әзірлеу кезінде ескерілді. Осылайша, біз Қарулы Күштер құрылысының құқықтық негіздерін, әскери қызмет өткеруін, әскери қызметшілердің мәртебесін, оларды әлеуметтік қорғау және зейнетақымен қамтамасыз ету кепілдіктерін заңмен бекітеміз. Ал сіздер, менің түсінуімше, бұл заңдарды асыға күтудесіздер» деп көрсеткен болатын. Тағдыр қалауымен КСРО ыдырап, орнына Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы ұйымдастырылғаннан соң, жаңа геосаяси жағдайларға орай біріккен Қарулы Күштерді сақтап қалу мүмкін болмады, посткеңестік елдердің барлығында дерлік ұлттық армиялар құрыла бастады. Қоғамның барлық сатысында, әсіресе өндірісте экономикалық дағдарыс күшейді. Кейбір ТМД елдерінде зауыттар мен фабрикалар өз



жұмысын тоқтатты. Мемлекеттің әскери саладағы саясатының нақты көрінісін әскери доктрина айқындап беруі тиіс болды. Жас мемлекеттің Әскери Доктринасы қорғаныс және ТМД елдерінің ұжымдық қауіпсіздігі шегінде басқа мемлекеттердің қарулы күштерімен біріге отырып жұмыс жүргізу бағытын ұстанды. Мемлекет басшылығы елдің әскери құрылысы саласы мен қорғаныс қабілеттілігін нығайтуда ең алдымен өз Қарулы Күштерімізді қалыптастыруды басты мақсат етіп қойды. Олардың құрылымын жасақтауда әскери және экономикалық жағынан аумақта орналастырылған қолда бар құрылымдар мен әскери топтардың әскери потенциалын барынша пайдалану қажет.

Қарулы Күштердің құрылысы мемлекет басшысының ойынша жедел қорғаныс тұжырымдамаларының талаптарына есепке ала отырып жүзеге асырылуы тиіс болды. Нақты қауіп туындаған жерде шұғыл пайдалануға дайын тұратындай мықты әскери топтар болуын қарастырады. Олар жоғары маневрлі және әуе-десант, механизацияланған, ракеталық-артиллериялық құрылымдар мен бөлімдерден тұруы тиіс.

Осыған орай Қорғаныс министрлігіне әскердің құрылымы мен олардың іс-әрекет мүмкіндігінің түрлі нұсқаларын мұқият қарастыруы тиіс екендігін баса назар аудартты.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1994 жылғы 23 мамырдағы №1707 Жарлығымен С.Қ. Нұрмағамбетовке «Халық Қаһарманы» атағы берілді.

Халық қаһарманы	
	
Мемлекет	 Қазақстан
Үшін марапатталған	Қазақстан Республикасына сіңірген аса көрнекті қызметі үшін оның бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы азаматтық және жауынгерлік ерліктері үшін о
Негіз	1993 жыл

Сурет 1. Халық қаһарманы жұлдызы

Аталған құжатта: «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігі үшін, еліміздің Қарулы Күштерін жасақтау мен құруға, қорғаныс қабілетін нығайтуға сіңірген еңбегі, жастарға патриоттық тәрбие беруге белсене қатысқаны үшін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, армия



генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовке «Халық Қаһарманы» атағы беріліп, № 1 Алтын Жұлдыз тапсырылсын» деп көрсетілді.

Ең жоғары мемлекеттік марапаттар қатарына жататын бұл атақ Қазақстан Республикасына сіңірген аса үздік еңбегі, оның бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы жауынгерлік ерліктері үшін беріледі. «Халық қаһарманы» атағына ие болған адамдарға айрықша ерекшелік белгісі – Алтын жұлдыз және «Отан» ордені тапсырылады.

Қорытынды

ҚР Президентінің Архивіне сақтауға алынған ҚР Президентінің қызметі барысында пайда болған әкімшілік-басқарушылық, өкімдік құжаттардағы ресми деректер ҚР Қарулы Күштерінің қызметшілерінің Әскери антына қатысты мәліметтерді көрсетеді. Әскери қызметшінің алғашқы еңбек жолындағы тұңғыш қадамы Әскери ант қабылдаудан басталатындығы белгілі. Армия генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов жас жауынгердің алғашқы адымындағы құнды құжаттың қабылдануына қажырлы еңбек сіңірді. Нормативтік-құқықтық сипаттағы құжаттың қабылдануы Қазақстан Қарулы Күштерінің жаңа бағытын, сипатын айқындап берді. Тәуелсіз ел Армиясының алғышарттары жасақталды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Нурмағамбетов С.К. «Лицом к огню». – Алма-Ата, «общественно-политической литературы», 1984. – 152 с.
2. Нурмағамбетов С.К. «А в памяти нет тишины». – Алматы: Ана тілі, 1999. – 144 с.
3. Нурмағамбетов С. От огненных лет до суверенной армии. Сборник мемуарных произведений. – Алматы: «Жибек жолы», 2009. – 544 с.
4. Конституция Республики Казахстан [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/> (қаралған күні 2022.02.03.).
Отдел методико-библиографической работы и работы с фондом; [сост. Т. Н. Борисова]. – Лисаковск: [б.и.], 2019. – 17 с.: ил.
5. Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві (бұдан әрі ҚР ПА.).7-қ. 1-т. 173-іс. 24-п.
6. ҚР ПА. 5-Н-қ. 1-т. 15-іс. 104-п.
7. Сонда. 125–127-п.

Сулейменова А.Т.

Ритуал принятия военной присяги

В статье анализируются официальные данные в административно-распорядительных документах, образующихся в ходе деятельности Президента РК, взятых на хранение в Архив Президента РК, касающиеся военной присяги служащих Вооруженных Сил РК. Известно, что первый шаг в трудовой деятельности военно-служащего начинается с принятия Военной присяги. Генерал армии Сағадат Қожахметович Нурмағамбетов кропотливо трудился над принятием ценного документа на первом шаге молодого бойца. Принятие документа нормативно-правового характера определило-новый курс, характер Вооруженных Сил Казахстана.



Ключевые слова: Вооруженные силы, военная присяга, воинский долг, архив, документ, анализ.

A.T. Suleimenova

The ritual of taking the military oath

